



**"Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы
Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 желтоқсан N 1583

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Z990374_

Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының азаматтарының жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Z990374_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 782-құжат; 2001 ж., N 2, 14-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

1-баптың 7-тармағының 1) тармақшасында "22" деген санның алдынан "Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін негізсіз қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға ақшалай өтемдер төлеуді қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң 2001 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Жуманазарова А.Б.